

konsept. ru/article/706/ — Гос. рег. Эл №ФС 3. Егорова, М.С. Повышение энергоэффективности как ключевое направление сохранения природного капитала России// Фундаментальные исследования. — 2014. — №9 (10). — с. 2265–2269; URL: www.rae.ru/fs/?secti on=content&op=show\_ article&article\_id=10004577

4. "Қазақстан Республикасының "жасыл" экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 496 қаулысы.

**Абаев А.А., докторант (Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

## **АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

Ұлттық экономиканың саласының тұрақты дамуының басты бағыттарының бірі – бұл ауыл шаруашылық саласы. Нарықты экономика жағдайында кәсіпкерлік қызметтің дамуы барысында ресурстарды үнемді пайдалану сұраныс пен ұсыныстың ара қатынасы бойынша қалыптасады.

Негізінен мемлекеттік реттеу көпжақтылы үрдіс болып табылады. Нарықты экономика жағдайында ауыл шаруашылығындағы өндіріс пен тұтынуды реттеуден басқа, ауыл шаруашылық саласы экономиканың дамуына негізгі әсер ететін және жеке адамдардың қажеттілігін қанағаттандыратын және азық түлікпен қамтамасыз ететін басты сфера болып табылады.

Ел басымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтар күні «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан Республикасының халқына арнаған жолдауы ауылдық аумақтар дамуының жаңа бағыттарын анықтады. Жолдауда аграрлық сектордың экономиканың жаңа драйверіне айналуы үшін мынадай міндеттер қойылды:

- субсидияларды бөлу қағидаларын қайта қарастырып, біртіндеп өнімді сақтандыруға көшу;
- бес жыл ішінде 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерді кооперативтерге тартуға мүмкіндік беретін жағдай жасау;
- өнімнің өңдеу сапасын жақсартып, тауарларды сақтаудың, тасымалдаудың және өткізудің тиімді жүйесін құру;
- жерді пайдалану тиімділігін арттыру.

Бұл міндеттер агроөнеркәсіп кешенін дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылуы баяндалды.

Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңында агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу азық-түлік қауіпсіздігін, агроөнеркәсіптік кешен өнімі нарықтарының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, кәсіпкерліктің тиімді жүйесін құруға, отандық өнімнің бәсекелестік артықшылығын қолдауға, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын, балық шаруашылығын, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту үшін жағдай жасау арқылы ауыл халқының тұрмыс деңгейін көтеруге, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, техникалық жарақтандыру мен басқа да ілеспе қызмет салаларын қамтамасыз етуге, ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар бұл заңда агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу:

- агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласында кредит беруді дамыту;
- агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау;
- сатып алу және тауар интервенцияларын жүргізу;
- ауылшаруашылық өнімін кепілдендірілген сатып алу бағасы бойынша сатып алу;
- мамандандырылған ұйымдар құру;

- агроөнеркәсіптік кешен тауарларының экспорты мен импортын реттеу;
- агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандыру;
- агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету;
- агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми, нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету және ол үшін кадрлар даярлау;
- ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымының дамуын инвестициялауды жүзеге асыру;
- ауылды оңтайлы қоныстандыруды ұйымдастыру;
- ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйінің мониторингі және оны бағалау шығындарын қаржыландыру;
- салықтық, бюджеттік, кедендік-тарифтік, техникалық реттеу шаралары мен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылатыны көрсетілген.

Экономикалық пропорциялардың орындалуы сұраныс пен ұсынысқа байланысты ғана емес, сонымен қатар экономикалық қызметтің кейбір жақтарын мемлекеттік реттеудің қажеттілігімен және кәсіпкерлік қызметті реттеумен де сипатталады. Нәтижесінде әлеуметтік және экономикалық дамудың мақсатты орындалуы жүзеге асады.

Ауыл шаруашылығының қалыптасу ерекшеліктері негізінен, жеке дара өз дамуында мемлекеттік реттеуді талап етпейді, сонымен қатар мемлекет тарапынан көрсетілетін бағдарламалардың қабылдануын, табиғи-ауа райының қолайлы жақтарын, биологиялық үрдістердің объективті қажеттілігін және басқа да осы салаға қатысты экономикалық факторлардың айрықша әсер етуін қарастырады.

Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан отандық ауыл шаруашылық өндірушілерге көрсетілетін әр түрлі қолдаулардың жиынтығы мен кешенді шаралардың мөлшері бір біріне қарама қайшы бағытта қызмет атқарады деп айтуға болады. Яғни бұл көрініс азық түлік сферасы бойынша кешенді реттеу жұмыстарының атқарылуы кезінде және нарықтық реттеу механизмнің жеткіліксіз жағдайда экономикаға әсер етуі барысында байқалады. Мемлекеттен бөлінетін қырауар қаражат мақсатты деңгейдегі қабылданған бағдарламалар үшін қолданылмайды.

Мемлекеттік реттеу жүйесі – бұл кең мағынада ауылшаруашылық өндірісінің дамуына әр түрлі әдістермен және жалпылама түрде толық сипаттама беретін экономикалық түсініктемелердің бірі.

Мемлекеттік қолдаудан басқа ауыл шаруашылығын дамытуға мемлекеттік реттеудің әдістері де берілген, олардың қатарына әкімшілік, құқықтық және басқалары да жатқызылады.

Мемлекеттік реттеу үрдісі тауар өндірушілермен қарым қатынастар жасаған кезде кейбір жағдайларда қарама қайшылыққа түседі. Оның негізі мынада, мемлекеттік органдар мемлекеттік меншік аясында жұмыс атқарады, яғни өндіріс құралдарының иелері болып табылады, ал көптеген ауыл шаруашылық тауарөндірушілер иелегінде жер терімдерінің меншігі берілген. Осы жағдайда меншік иелерінің қызығушылығы сәйкес келмейді, көп жағдайда өндіріс құралдарына қатысты мемлекеттік меншік «тең меншік» деп қарастырылады. Сондықтан мемлекеттік реттеудің нақты шаралары соңғы нәтиже алуға мақсатты бағдарламалар бойынша қарастырылуы мүмкін.

Жоғарыда қарастырылған қарама қайшылық жүйелі түрде талданбайды, ал ілгермелі жоспарда мемлекеттің негізгі алатын ролі бұл әлеуметтік экономикалық даму. Осы ролді мемлекет нарқытық механизм жұмыс атқарған кезде ған орындайды. Нарықты экономика жағдайында, яғни трансформациялық кезеңде мемлекет нарықтық механизмнің жұмыс жасауына нақты жағдай жасауы қажет. Нарық шеше алмайтын күрделі мәселелерді талдауға міндетті.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға қатысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс» атап өтті.

Әрине, бұл талаптарды іске асыру үшін ауылдық аумақтарда жаһандық бәсекеге төтеп бере алатын өнімдер шығару қажет және ол үшін ең алдымен жаңа инновациялық технологиялар енгізуіміз керек. Экологиялық таза тағамдар әзірлеу мәселелері ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құрылуы арқылы іске асуы тиіс. Жаңа ғылыми, технологиялық, басқарушылық жетістіктерді ескере отырып, жер өңдеу мәдениетін өзгертпесе және мал шаруашылығындағы дәстүрлерімізді жаңғыртпаса ауыл шаруашылығында жетістіктерге жету мүмкін емес. Дегенмен мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығын қаржылай ынталандыру бағыттарында көптеген қызметтер атқарылуда. Олардың нәтижесін, әрі өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының арасындағы өнім шығарудың көлемін 1-кестеден байқауға болады.

Кесте 1. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің шаруашылық түрлері бойынша жалпы шығарылымы

Шаруашылық түрлері	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл
Барлығы	2 527 890,3	3 307 009,6	3 615 817,8
Өсімдік шаруашылығы	1 327 855,2	1 825 236,7	1 994 732,1
Мал шаруашылығы	1 189 555,4	1 469 923,1	1 611 677,9
Қосымша қызметтер	10 479,7	11 489,8	9 407,8

млн.теңге

Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері бойынша авторлармен құрастырылған

Кесте мәліметтер көрсеткендей 2014-2016 жылдар аралығындағы нақты ауыл шаруашылығында өндірілген өнімдердің 50% жоғары өсімдік шаруашылығына тиесілі. Бұл мәліметті есептеу үшін өсімдік шаруашылығының өндірілген өнімінің құнына ауыл шаруашылығы дақылдарынан – дәнді, техникалық дақылдардың (майлы дақылдардың, қант қызылшасының, темекінің және басқалардың тұқымдары), картоптың, көкөністер мен бақша дақылдарының, жемістер мен жидектердің, өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өзге де түрлерінің (азықтық түйнек жемістерден, шөптен, сабаннан, пішендеме, сүрлем, шөп, гүлдер және тағы басқалар) алынған жылдық түсім құны кірген. Соңғы жылдары мал шаруашылығының өнімдері 1189,6 млрд. теңгеден 2014 жылы 1611,7 млрд.теңгеге 2016 жылы өскен. Мал шаруашылығының өндірілген өнімінің құны ауыл шаруашылығы малдарынан алынған өнімдердің (сүт, жұмыртқа, жүн, тері және т.б.) құнын, союға өткізілген мал мен құстың құнын, ара өсірушілік пен бағалы жүнді аңдарды өсіру шаруашылығы өнімнің құнын қамтиды.

Реттеу әдістерінің көмегімен, ауыл шаруашылық саласындағы тауар өндірушілердің қызметіне мемлекеттік реттеудің сандық әсер етуі анықталады. Әлемдік тәжірибеде мұндай реттеу әдістердің нормативті және позитивті бағыттары кездеседі.

Нормативті бағыттың мәні бұл ауыл шаруашылық қызметті реттеудің негізгі нормаларын дайындау болып табылады, яғни ауыл шаруашылық саласында болып жатқан экономикалық түсініктемелердің реттелуін сипаттайды. Мысалы, 1 га жерге қатысты салынатын салық ставкасы жердің сапасына және құнарлығына байланысты, сонымен қатар географиялық орналасу аймағына да қатысты құрылады. Ең басты мақсат дайындалған нормалар мен нормативтер мемлекет пен ауыл шаруашылық субъектілерінің арасындағы объективті тәуелділікті айқындау болып табылады. Әрбір субъектінің құқтық қарым қатынастарын қорғау осы тәуелділікпен жүзеге асырылады.

Позитивті бағыттың мәні бұл жеке тұлғалардың және топтардың, қоғамдық бірлестіктердің мемлекеттік билік органдарының көзқарастарының ауыл шаруашылық

қызметті реттеуге экономикалық әдістердің немесе басқа да құралдардың көмегімен тура әсер етуі.

Сонымен, ауылдық аймақтарды мемлекеттік реттеу және нақты мемлекеттік қолдау – бұл ұзақ мерзімге қабылданған тұрақты түрде қабылданған кешенді шаралардың жиынтығы. Аталған шаралардың дәлелдемесі, ең алдымен ауылдық аймақтарды дамытудағы стратегиялық бағдарламаларды дайындау, сонымен қатар мемлекеттік реттеудің шараларын талдау. Ел басымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтар күні «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан Республикасының халқына арнаған жолдауы ауылдық аумақтар дамуының жаңа бағыттарын анықтады. Бұл аталған жолдау келесі элементтерді қарастырады: ғылыми жобалау, болашақты болжау, ауыл шаруашылығындағы үрдістердің өзгеру ағымдарын анықтау, мемлекеттік реттеудің басты құралдарын қалыптастыру. Аталған мемлекеттік бағдарлама ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауды ұзақ мерзімге қабылдаудағы коэффицентерді қарастырады. Ауыл шаруашылық саласы азық түлік қауіпсіздігін болдырмаудағы басты экономикалық сектордың бірі болып табылады.

#### Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». 31 қаңтар 2017 жыл
2. Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 Заңы
3. Амирова А.У., Блеутаева К.Б., Бастаубаев А.К., Толамисова А.Г. Қазіргі жағдайдағы ауыл шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық мәселелері //ҚарМУ хабаршысы. Экономика сер. -2016. - № 2. -75-80-б
4. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы. - [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: stat.gov.kz.